





Жиырма құрсақ көтерген батыр ана

Қамаш Ысқаққызы жиырма баланы дүниеге әкеліп, отағасы екеуі соның он екісін өсіріп жеткізген. Бүгінде сол он екі перзенттен тараған ұрпақ үлкен әулетке айналған. Батыр ана немере сүйіп, жиен шөберелерін иіскеп, бақытты ғұмыр кешіп отырған жайы бар.

Қамаш апаның да бала-лық шағы, жас кезі өзінің замандастары секілді ауыр еңбекпен өтті. 1939 жылы Аманкелді ауданына қарасты Чапай елді мекенінде өмірге келген ол, жетінші сынып оқып жүргенде шөп шауып, оны өгіз жегіп тырмалап, колхоз жұмысына қолғабыс еткенін еске алады. Сөйтіп жүріп, бой жетіп, 17 жасында Социал есімді азаматпен шаңырақ құрды. Отағасы есепші болып қызмет етіп, өзі үй шаруашылығымен айналысты. «Ол кезде бүгінгідей дайын ұн жоқ. Диірмен тартып, ұн дайындаймыз. Көмірді де 1960 жылдары алғаш көргенде қатты қуандық қой. Оған дейін қи – тезек жақтық. Шиеттей бала – шағаның күтімі бар. Таң-

ның атысы, күннің батысы тыным таппай, адал еңбекпен ғұмыр кештік», - деп жалынды жастық шағын қимастықпен көз алдына келтіреді апамыз. Сөйтіп жүріп, сатушылықтың оқуын бітіріп, осы салада 40 жылдай еңбек етті. Жолдасы екеуі қызметте жүріп Родник, Рассвет кеңшарларында тұрған.

Ешкімнің ала жібін атамай, адал маңдай терімен нәпақасын тауып, салиқалы ғұмыр кешкен жандардың ниетіне қарай, Жаратқанның шапағаты түсіп, шаңырақтары сәбидің күлкісімен нұрланды. Батыр ана қызғалдақтай қыздарын, торсықтай ұлдарын өмірге әкеліп, балалы үй – берекелі жанұя болды. «Жалпы 20

құрсақ көтердім. Соның сегізі жастайынан шетінеп, он екісін шалымыз екеуміз өсірдік. «Бір қозы туса, бір жусан басы артық шығады», - дейді ғой, әр баланың өз несібесі бар, тамақтан, киімнен тарыққан жоқпыз. Оның үстіне үлкендерінің киімін кейінгілері киіп өсті ғой. Сәулеш деген қызым, қазір қайтыс болып кеткен, 8 - 9 жасқа келгенде өзіме үлкен қолғабыс етті. Балаларды сол қарады. Әуелі бірыңғай қыз балалар келді өмірге. Одан соң төрт ұл бала тудым. Есімдері Ерден, Беден, Дәурен, Кенжеғұл. Зәуреш, Ләйләш, Бақыт, Жанаркүл, Тоқтар, Жібек, Ақбөкен атты қыздарым бар. Барлығы жоғары білімді. Көбісі мұғалім. Алматы, Астана, Қостанай, Жалтырда тұрып жатыр. Кешегі кішкентай балалар, бүгін бір үлкен әулет болды. Өзім үлкен ұлым Ерденіммен бірге тұрамын. Балдан тәтті немерелерім, жиен шөберелерімді қызықтап, бақытты ғұмыр

кешіп отырған жайым бар», - деп бүгінгі өміріне тәубе етеді батыр ана.

Ұлдың үлкені Ерден жеке кәсіпкер, қала жұртшылығына жомарттығымен танымал жан. Өткен жылы қаламызға Аманкелді ауданы жақ бетінен кіреберіс жерге еңселі арка орнатып берген осы азамат болатын.

Ал, кенже ұлы Кенжеғұл параолимпиадалық ойын түрі «Қазақстанның голбол федерациясының» бас хатшысы, «Қазақстанның паравелоспорт федерациясының» президенті, осы спорт түрінен ұлттық құрама мүшесі, Қазақстанның 3 дүркін чемпионы, азияның қола жүлдегері, паравелоспорттан «ҚР -ның Спорт шебері». Спорттан бөлек, Кенжеғұл Социалұлы білім саласында да биікті бағындырған. Қазақ ұлттық университетін тарих және құқық экономика негіздері мамандығы бойынша қызыл дипломға тәмамдаған. Жапонияда әлеуметтік басқару мамандығы

бойынша, Англия мен Америка құрама штаттарында білім жүйесін басқару және көшбасшылық бағдарламасымен 4 жыл білім алды. Қазақ, орыс, ағылшын, жапон, француз, неміс тілдерін меңгерген болса, қазіргі уақытта араб пен түрік тілдерін үйреніп жүргенін айтады полиглот бауырымыз. Тағдырдың сынағына түссе де, мойымай, үлкен жетістіктерге жеткен азаматпен Алматыдан анасына, бауырларына келген уақытында жолығудың сәті түсті (суретте сол жақтан екінші). Жерлесіміз алдағы көктемде өтетін ҚР Парламенті Мәжілісі сайлауында бақ сынамақ екен. Талабы таудай азаматқа сәттілік тіледік!

Жиырма құрсақ көтеріп, Кенжеғұлдай талантты азаматты өмірге әкелген, бүгінде мерекелі – берекелі әулеттің ақылшысы болып отырған Қамаш апамыздың денсаулығы мықты болсын!

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ